

Қауымдық сервитутін белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 282 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шалқар ауданы, Шетырғыз ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 18,5834 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "Kazakhstan Westerfield Mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жер қойнауын геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шалқар ауданының әкімі

Ж. Жидеханов